

Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Займ туралы келісімнің күшіне енуіне арналған шарттарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 7 қазан N 1237

Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Займ туралы келісімнің шарттарын орындау және республиканың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жерді суландыру және дренаж жүйелерін дамытуына мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Экономикалық нормалар мен талаптарды, ауыл шаруашылығы өндірістік жүргізу мен басқару әдістерін жетілдіруді және суармалы жерлерді пайдалануды, ақпараттық қызмет көрсетуді, сондай-ақ агротехника мен суландырудың озық тәсілдеріне үйретуді ескере отырып, суармалы егіншіліктің тиімділігін арттыру мақсатында Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы бойынша Қазақстан Республикасы мен Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі арасындағы Займ туралы келісім мақұлдансын.

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.03. N 577 қаулысымен

3. Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасын орындау және оны іске асыру үшін берілген Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің займын өтеу тәртібі (ереже) 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасы жөніндегі халықаралық келісім мәртебесіне ие Займ туралы келісімге және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес:

осы Жоба шеңберінде сырттан әкелінген тауарлар қосымша құн салығы мен кеден б а ж ы н а н б о с а т ы л а д ы ;

осы Жоба бойынша әкелінетін тауарларға, көрсетілген қызметтерге (жұмыстарға) қосымша құны салығы нөлдік ставка бойынша салынады;

тұрақты мекемемен байланысы жоқ резидент еместің қазақстандық қайнардан Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің займ қаражаты есебінен түскен табысы төлем қайнарының табыс салығын босатылады деп белгіленсін.

5. 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы бюджетінің жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіруге арналған займдарды өтеуге жұмсаған шығыстарын түпкі займшы шаруашылықтардың өтеу шарттары мен тәжірибесі туралы Типтік ереже

б е к і т і л с і н .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.

6. Жобаны басқару және оның іске асуына жауаптылық Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.25. N 112 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі пен Ауыл шаруашылығы министрлігі займ қаражаттарын мақсатты пайдалануға бақылау жасауды жүзеге асырсын. < * >

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1998.04.06. N 287 , 2004.03.18 . N 336 қаулыларымен.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорт-импорт банкі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ХҚҚДБ займ қаражаттарын жүзеге асыру мен қызмет ету және республикалық бюджетпен қатар қаржыландыру жөніндегі қаржы агенті болып белгіленсін.

Ескерту. Қаулы 8-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.

9. Облыстардың әкімдеріне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен жерді суландыру және дренаж жүйелерін қайта құруға салынған инвестициялық шығындардың үлесін республикалық бюджетке қайтару жөніндегі ішкі несие келісімін жасасу ұсынылсын.

Ескерту. 9-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.01.25. N 112 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 7 қ а з а н д а ғ ы

N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасын іске асыруға арналған ведомствоаралық үйлестіру кеңесінің құрамы

Ескерту. 1-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.06.03. N 577 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

**Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасын
жүзеге асырудың және оны іске асыруға берілген Халықаралық
Қайта құру және Даму Банкінің займын өтеудің тәртібі (ережелері)**

1. Жобаның мақсаты

1. Жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жобасының (бұдан әрі - Жоба) негізгі мақсаты - экологиялық нормалар мен талаптарды, ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу мен оны басқару әдістерін жетілдіруді және суармалы жерлерді пайдалануды, ақпараттық қызмет көрсетуді, сондай-ақ агротехника мен суландырудың озық тәсілдеріне үйретуді ескере отырып, қолда бар жерді суландыру мен дренаж жүйелерін қайта жаңғырту және жақсарту жолымен 38095 га алаңдағы суармалы жердің тиімділігін арттыру.

2. Қаржыландыру көздері

2. Жобаны жүзеге асыру үшін 100 млн. АҚШ долларына тепе тең сомада қаражат қажет. Оның ішінде 80 млн. АҚШ доллары Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі займының қаражаттары болып табылады, ал 20 млн. АҚШ доллары Қазақстан Республикасы Үкіметінің займды қоса қаржыландыру ретінде қосқан үлесі болып табылады.

3. Жобадағы шаруашылық жүргізуші субъектілердің қатысу өлшемі

3. Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің шарттарына сәйкес Жобаға қатысушыларға мынадай талаптар қойылады:

қаражатты жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіруге жұмсау;

Жобаға қатысу үшін басымдық тиімділіктің экономикалық нормасын және кемінде 12 процент құрауға тиісті пайданың қаржылық нормасын әлеуетті қамтамасыз ете алатын шаруашылықтарға беріледі;

қатысушы шаруашылықтар инвестициялық шығындарды өтеу жөніндегі тиісті келісімдерге қол қоюға тиіс;

шаруашылық жүргізуші субъектілерде займ қаражаттарын әлеуетті өтеу үшін кепілдік базасының болуы;

жекешелендіруді өткізу;

Жобаның мақсаты қазіргі уақытта жерді суландыру ғимараттары бар алаңдарды, сондай-ақ бұрын салынған жерді суландыру ғимараттарының қазіргі уақытта пайдаланылмайтын жерлерді оңалту болуға тиіс;

Жобада белгіленген учаскелерден темекі плантацияларының болмауы; суармалы алаптарда археологиялық және тарихи орындардың болмауы;

Жобаны іске асыру нәтижесінде:

а) өзен суының бір негізгі бассейнен екіншісіне құйылуына;

б) жануарлар әлемі мен балық өсіретін маңызды ауданға ықпал ж а с а у ғ а ;

в) лас ағынды суларды пайдалануға;

г) жақын орналасқан су көздері мен жалпы қоршаған ортаға кері әсерін тигізуге;

Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі құптауға болмайтындай жер үсті және жер асты суларының Қазақстан Республикасының экологиялық стандартына сай келуі және олардың Жобаны жүзеге асырғанға дейін тіркелген сапасымен салыстырғанда нашарлап кетуіне жол беруге болмайды.

Жобада халықаралық Қайта құру және Даму Банкі құптауға болатындай қоршаған ортаға ықпал етуді бағалау мен мемлекеттік экологиялық бағаның оң қорытындысы б о л у ғ а т и і с .

4. Шаруашылықтарда жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жоспарлау, құнын белгілеу және жүргізу туралы шешім қабылдауға шаруашылықтардың барлық мүшелерін қатыстыруды қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің талаптарына сәйкес келісімді мынадай бес сатыда қамтамасыз ететін болады:

Жобаның сипаттауы алғаш рет берілген бастапқы сатыда;

Жобаның егжей-тегжейін және мүмкін болатын шығыстарды талқылау сатысында;

Жобаның түпкілікті құрылымын бекіту сатысы;

құрылыс жұмыстары бойынша контракт жасау сатысы;

шаруашылықтарға оларды беру алдындағы құрылыс жұмыстарын аяқтау

с а т ы с ы .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.01.25. N 112 қаулысымен

Е с к е р т у :

1. "Жер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 Заң күші бар Жарлығы негізінде Жобаға қатысушы шаруашылықтардың мүшелері, өз үлесімен, олардың құрамынан шығуға құқығы бар.

2. Бұл құқықты жүзеге асыру рәсімі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен қатысушы шаруашылықтар арасында жасалатын Келісімде айтылып, нақтыланатын болады.

4. Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің займын өтеу
Займды Қазақстан Республикасы бюджетінен өтеудің
кестесі мен мерзім ұзақтығы

5. Халықаралық Қайта құру және Даму банкінің ставкасы бойынша төленетін негізгі қарыз, проценттер, қосалқы төлемдер Қазақстан Республикасы бюджетінен займ туралы келісім күшіне енген күннен бастап 20 жыл ішінде, кейіннен Қазақстан Республикасының бюджетіне келтірілген шығыстарды Жобаға қатысушы шаруашылықтар өтей отырып проценттік ставкалар - бесінші және негізгі қарыз - алтыншы жылдан бастап - төленеді.

Займды төлеушілер

6. Займ туралы келісімнің шарттарына сәйкес оның негізгі төлеушілері: займ қаражатынан қаржыландырылатын тауар, жұмыс және қызмет алушы шаруашылықтар;

ішкі рынокта тауар айналымының көбеюі есебінен және ауыл шаруашылығы өнімдерін экспорттау арқылы, сондай-ақ жергілікті салықтар мен алымдардың өсуінен пайда көретін жергілікті бюджеттер.

Займды өтеуге тараптардың үлестік қатысуы

7. Халықаралық Қайта құру және Даму банкінің шарттарына сәйкес кредитті қайтару жөніндегі тараптардың үлестік қатысуы:

түпкі займшы шаруашылық - 70 процент;

жергілікті бюджет - 10 процент;

Жоба құнының 20 проценті өтеуге жатпайды және Займ туралы келісім шарттарына сәйкес республикалық бюджеттен қаржыландырылады.

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.

Займды қайтаруға Қазақстан Республикасының бюджеті шеккен шығыстарды өтеу тәртібі

8. Қазақстан Республикасының бюджеті алдындағы берешегін өтеудің жалпы мерзімі түпкі займшы шаруашылықтар мен тиісті жергілікті бюджеттер үшін 30 жылға дейін деп белгіленеді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.

9. Мемлекеттік Экспорт-импорт банк пен түпкі займшы шаруашылықтар арасындағы проценттік ставка екіжақты келісімде айқындалуға тиіс, сондай-ақ қайтарым кепілдігі, міндетті кепілдік және өтем кестесі белгіленеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.

10. Берешекті өтеу кезеңінің басында Қазақстан Республикасының бюджетіне қайтарылатын жалпы сома сол түпкі займшы шаруашылықтың жерлерінде жерді суландыру дренаж жүйелерін жетілдіруге салынған Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі займы мен бірлесіп қаржыландыру қаражатының 80 проценті (түпкі займшы шаруашылықтар - 70 проценті және жергілікті бюджеттер 10 проценті)

мөлшерінде қосымша құн салығы есепке алынбай белгіленеді. Қазақстан Республикасының бюджетіне төлемдер инвестициялау басталғаннан бесінші жылдан бастап төленеді. Берешекті өтеу сомасы мен мерзімін Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі әрбір жобаны жеке-жеке бекітеді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 , 2002.01.25. N 112 қаулысымен.

11. Форс-мажорлық жағдайлар туа қалғанда шаруашылықтардың займ қайтару мерзімі кейінге қалдырылуы мүмкін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 7 қ а з а н д а ғ ы

N 1 2 3 7 қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

Қазақстан Республикасы бюджетінің жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіруге арналған займдарды қайтаруға жұмсаған шығыстарын түпкі зайымшы шаруашылықтардың өтеу тәртібі мен шарттары туралы

Үлгі ереже

Ескерту. Атауына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Үлгі ереже Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі мен басқа да шетел инвесторларының жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру үшін берген займын қайтаруға Қазақстан Республикасының бюджеті жұмсаған шығыстарды түпкі займшы шаруашылықтардың өтеу тәртібі мен ережелерін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасының бюджеті мен түпкі займшы шаруашылықтар арасындағы өзара қарым-қатынас негізгі шарттар мен екі жақтың міндеттері, жыл сайынғы өтеу сомасы, келісімнің шарттары орындалмаған жағдайда салынатын айыптар көрсетілген екіжақты келісімдермен белгіленеді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.

2. Өтеу тәртібі мен шарттары

3. Түпкі займшы шаруашылықтардың пайдалануындағы жердің шекарасы шегінде негізгі төлеушілер жерлерінде жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру жұмыстары атқарылған өндірістік бөлімшелер (бригадалар, жалгерлер ұжымы, шаруа қожалықтары және басқалар) болып табылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087

қаулысымен .

4. Қазақстан Республикасы бюджетінің Халықаралық Қайта құру және Даму Банкі мен басқа да шетел инвесторларының жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіру үшін бөлген займдарын қайтаруға жұмсаған шығыстарын өтеу нормасын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ұсынуымен әрбір жоба бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жеке-жеке бекітеді. Осы нормалардың негізінде ішкі шаруашылық жерді суландырудың гектарлық тарифі тағайындалады .

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің қаржы агентімен келісімдері бар түпкі займшы шаруашылықтар Қазақстан Республикасының бюджеті алдындағы берешектерін өтеу нормалары мен мерзімдеріне сәйкес белгіленген ішкі шаруашылықтық жерді суландырудың гектарлық тарифі бойынша арнайы шотқа төлем жасайды .

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен .

6. Қазақстан Республикасының бюджетіне түпкілікті төлемді түпкі займшы шаруашылықтар немесе олардың орнын ауыстыратын тауар өндірушілер-су пайдаланушылардың басқа да құрылымдарының Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі өкілдік берген органдармен келісім негізінде әр жылдың 20 желтоқсанына дейін өтейді .

Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1997.07.09. N 1087 қаулысымен.